

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі №3 ХАТТАМАСЫ**

**Шымкент қаласы**

**15 тамыз 2024 жыл**

Төрайымы: Аймаханбетова Д– кәсіпорын 14-бөлім меңгерушісі;  
Хатшы: Махан Б - заңгер – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман  
Қатысқан адамдар саны: 23 (бөлім меңгерушілері мен әкімшілік қызметкерлері)

**Күн Тәртібінде:**

**сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы**

**Қаралды:**

Кәсіпорынның 30.04.2024 жылғы №95 н/қ Бұйрығының 1-қосымшасымен құралған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы, атап айтқанда; Аймаханбетова Даметкен Алмахановна-бөлім меңгерушісі, Нурметова Мухаббат Азатбековна – кадр бөлімінің басшысы және Махан Болат Төлепұлы- Комплаенс – офицер болып, кәсіпорында Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін талқылады.

Талқылау барысында, мекемедегі кемшіліктер, атап көрсеткенде:

1. Мекеменің Е-өтініштерді тіркеу бойынша жауапты тұлға тарапынан «Жолданымдарды, хабарламаларды, сұрау салуларды, пікірлерді, ұсыныстарды қарау туралы» №1 ТӨ нысанды есебінде деректерді дұрыс толтырмағаны яғни орыс тілінде келген арызға мемлекеттік тілде деректемелер толтырып көрсеткендігі анықталды.

Ал, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы №3 «Шағымдарды қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 24-тармағында шағымға жауап мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде берілетіндігі көрсетілген.

2. Бұдан бөлек, мекеменің мемлекеттік сатып алу қызметтерін бақылау барысында, сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыратын, атап айтқанда «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» қорытындылары негізінде, 15.04.2024 жылғы электрондық түрдегі шарт бойынша *«Персоналды медициналық*

*тексеріп қарау бойынша қызметтер, соның ішінде, алдын ала, мерзімді және кезектен тыс (жоспардан тыс) тексеріп қараулар»* қызметтерді орындау ретінде мемлекеттік сатып алу жеңімпазы, бүгінгі таңға дейін орындамаған.

Ал, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ санды Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 4-бап 3-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді яғни мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті-делінген.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және заң аясында орындалуына қатаң қадағалауды талқылады.

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналысы **Шешім етті:**

1. Мекеменің Е-өтініштерді тіркеу бойынша жауапты тұлғаға яғни Г.И.Кахароваға ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес тәртіптік жаза қолданғаны және Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар атқарылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төрайымы:

Аймаханбетова Д

хатшы

Махан Б